

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаржы бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 11 шілде N 760

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне ғарышкерге кандидаттарды алдын ала іріктеу жөнінде іс-шаралар өткізуге байланысты шығыстарды қаржыландыру үшін 2002 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 2263329 (екі миллион екі жүз алпыс үш

мың үш жүз жиырма тоғыз) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінетін қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Жұманазарова А.